**"Жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1222 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 желтоқсандағы № 796 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 16 мамырдағы № 358 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 16 мамырдағы № 67 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 мамырда № 32510 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1222 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 желтоқсандағы № 796 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 12699 болып тіркелген) (бұдан әрі - бірлескен бұйрық), мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

бірлескен бұйрықтың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Бекітілсін:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жер қойнауын геологиялық зерттеуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жер қойнауының қатты пайдалы қазбаларды барлауын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес уранды қоспағанда, кең таралған және қатты пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес кен іздеушілікті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес геологиялық ақпаратты есепке алуды, сақтауды, сақталуын және анықтығын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес геологиялық зерттеуді, қатты пайдалы қазбаларды барлау, уранды қоспағанда, кең таралған және қатты пайдалы қазбаларды өндіруді, кен іздеушілікті, жер қойнауы кеңістігін пайдалануды, геологиялық ақпаратты есепке алуды, сақтауды, сақталуын және анықтығын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тексеру парағы.";

"көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес көрсетілген бірлескен бұйрыққа 8-қосымшамен толықтырылсын.".

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ұлттық экономика министрі* — *А. Куантыров*

*Қазақстан Республикасы*

*Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушы* *А. Бейспеков*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 16 мамырдағы
№ 67 мен
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін
атқарушы
2023 жылғы 16 мамырдағы
№ 358 Бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Жер қойнауын зерттеу мен
пайдалану саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарын және тексеру
парағын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 1222 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 796 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

## Жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тәуекелдерді бағалау және басқару өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабына, 143-бабының 3-тармағына сәйкес тексерілетін бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді, "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі №3 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және " Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022

жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы және бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы" мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін және тексеру парақтарының нысанын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) және бақылау субъектісіне ( объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

3) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

4) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

9) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

3. Кең таралған пайдалы қазбаларды салу, өндіру жөніндегі операцияларды мемлекеттік бақылауды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

## 2-тарау. Реттеуші мемлекеттік органдардың бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел;

3) төмен тәуекел.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел;

3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ды қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

5. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

**1-параграф. Объективті өлшемшарттар**

6. Бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесін объективті критерийлер бойынша бағалау және оларды тәуекелдің төмен, орташа және жоғары дәрежесіне жатқызу бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде оның зардаптарының ауырлық дәрежесін ескере отырып, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтірудің неғұрлым ықтимал көрсеткіштері бойынша жүзеге асырылады.

Объективті критерийлер бойынша жоғары дәрежеге уран өндіру жөніндегі операцияларды қоспағанда, жер қойнауы кеңістігін пайдалану, қатты және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі, кен іздестіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері жатады, тәуекелдің орташа дәрежесіне қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі, жер қойнауын геологиялық зерделеу жөніндегі, сондай-ақ есепке алу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері жатады, геологиялық ақпараттың сақталуын және дұрыстығын қамтамасыз ету.

**2-параграф. Субъективті өлшемшарттар**

7. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

8. Дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамасын бұзған бақылау субъектілерін анықтау үшін қажет.

Ақпаратты жинау және өңдеу процестері толық автоматтандырылады және алынған деректердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) мемлекеттік органдар жүргізетін бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) барумен алдыңғы тексерулер мен Профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар (ақпараттық хат (анықтама, қорытынды, ұсынымдар).

9. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау субъективті өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізуден босатылады.

10. Субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне ( объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

11. Бақылау субъектісінде жеңілдететін индикаторлар бар болған кезде, геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, оның сақталуын және анықтығын

қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісі бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тиісті профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

Жеңілдететін индикаторларға:

"Жер қойнауы туралы мемлекеттік деректер банкі" ақпараттық жүйесі " Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-1-бабына сәйкес "Minerals.gov.kz" жер қойнауын пайдаланушыларға арналған бірыңғай платформасы құрылып, енгізілгенге дейін пайдаланылады.

12. Субъективті өлшемшарттары тексеру парақтарының талаптары негізінде әзірленді, олардың сақталмауы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары сәйкес бұзушылықтың белгілі бір дәрежесіне сәйкес келеді. Әрбір талапқа қатысты тексеру парақтарынан бұзушылық дәрежесі айқындалады – өрескел, елеулі және елеусіз.

Бұл ретте өрескел, елеулі және елеусіз бұзушылықтарды айқындау мемлекеттік бақылаудың тиісті саласының ерекшелігін ескере отырып, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленеді.

Субъективті өлшемшарттарды қалыптастыру кезінде бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеусіз, елеулі) өрескел, елеусіз, елеулі бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

Осы өлшемшарттардың 8-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің негізінде өрескел, елеулі, елеусіз бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы өлшемшарттарға қосымшаға сәйкес айқындалды.

13. Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау әлеуетті тәуекелі ең көп бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

14. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

15. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті критерийлер көрсеткіштерінің маңыздылығы субъективті критерийлер бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті критерийлер тізбесіне сәйкес белгіленеді:

1) өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес жер қойнауын геологиялық зерттеуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес қатты пайдалы қазбаларды барлауды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар;

3) өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес уранды қоспағанда, кең таралған және қатты пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар;

4) өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға беріледі.

**3-параграф. Бағалау жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері және тәуекелдерді басқару**

16. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі ақпараттық жүйені пайдалана отырып жүргізіледі Minerals.gov.kz бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

17. Субъективті критерийлер бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебі, сондай-ақ бақылау субъектісі тәуекелдің жоғары, орташа немесе төмен дәрежелеріне жататын тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері осы өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерінде белгіленеді.

**3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі**

18. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне ( объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPз = (SP2 х 100/SP1) х 0,7, мұнда

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPн = (SP2 х 100/SP1) х 0,3, мұнда

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

SP = SPз + SPн, мұнда

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

19. Осы өлшемшарттардың 6-тармағына сәйкес айқындалған субъективті критерийлер бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шкаласы бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^{n} x_i * w_i,$$ мұнда

$x_i$

- субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

$w_i$

- субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы

$x_i$

n – көрсеткіштер саны.

Осы өлшемшарттардың 6-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

20. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{пром} - R_{min}}{R_{max} - R_{min}},$$

R– бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

$R_{max}$
– бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

$R_{min}$
– бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

$R_{арал}$
– осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

**4-тарау. Тексеру парақтары**

21. Тексеру парақтары бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес талаптарды қамтиды және Кодекстің 143-бабының 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып жүргізіледі.

22. Тексеру парақтары өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

Жер қойнауын зерттеу және
пайдалану саласындағы тәуекел

дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

## Жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) талаптарын бұзу дәрежесі

| р/с № | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Бақылау субъектісіне (объектісіне ) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймау, сол сияқты бұзушылықтарды жою бойынша іс-шаралар жоспарын мерзімінде ұсынбау | Өрескел |
| 2 | Кезеңдік геологиялық есептерді ұсынбауы (әр жылдың 30 сәуірінен кеш емес), бұрмалауы | Елеулі |
| 3 | Уранды қоспағанда, өдірілген құнды металдар және асыл тастар, кең таралған және қатты пайдалы қазбалар туралы есептерді ұсынбау | Елеулі |
| 4 | Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауы учаскесінің кеңістіктік шекараларын сақтау | Өрескел |
| 5 | Жер қойнауына геологиялық зерттеу жүргізу кезінде жобалау құжаттарының талаптарын сақтау (геологиялық зерттеу жоспары, жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарының жобасы) | Елеулі |
| 6 | Қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауы учаскесінің кеңістіктік шекараларын сақтау | Өрескел |
| 7 | Қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі жұмыстарды құжаттау жөніндегі талаптарды сақтау және жер қойнауын дұрыс зерделеу үшін қажетті барлық мәліметтерді көрсету | Елеулі |
| 8 | Барлау учаскесінде құрылысжайларды тұрғызуға, сондай-ақ тау-кен қайта өңдеу өндірістерінің техногендік | Өрескел |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | минералдық түзілімдерін орналастыруға тыйым салуды сақтау | | |
| 9 | Жобалық құжатта көзделген жұмыс түрлерін, тәсілдер мен әдістерді қолдана отырып қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу | Елеулі | |
| 10 | Қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті органға барлау жоспарының көшірмесін ұсынғаннан кейін ғана қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу | Өрескел | |
| 11 | Қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынылған барлау жоспарында көзделмеген барлау жұмыстарын жүргізуге тыйым салуды сақтау | Елеулі | |
| 12 | Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауы учаскесінің кеңістіктік шекараларын сақтау | Өрескел | |
| 13 | Өндіру бойынша барлық жұмыстарды құжаттау жөніндегі талаптарды сақтау. Құжаттама жер қойнауы учаскесін сенімді зерделеу және кейіннен игеру үшін қажетті жұмыстардың сипаттамасын қамтиды | Өрескел | |
| 14 | Жер қойнауы учаскесі шегінде жер қойнауы кеңістігін пайдалану | Өрескел | |
| 15 | Жобалау құжатына сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдалану | Өрескел | |
| 16 | Қатты, сұйық және радиоактивті қалдықтарды, зиянды улы заттарды сақтау және (немесе) көму, сарқынды, өнеркәсіптік және техникалық суларды ағызу ( айдау) кезінде дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету | Өрескел | |
| 17 | Жер қойнауы учаскесінің шегінде құрылыс жүргізу кезінде жер қойнауы учаскесінің кеңістіктік шекараларын сақтау | Өрескел | |
| 18 | Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың және оның жеткізгіштерінің болуын, есепке алынуын және сақталуын, | Өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | сондай-ақ зерттеу немесе тексеру үшін оларға жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган өкілдерінің кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету | |
| 19 | Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға жер асты құрылыстарын пайдалану туралы есептерді ұсыну | Өрескел |
| 20 | Зертханалық зерттеулер мен талдаулардың деректерін қоса алғанда, Жер қойнауы кеңістігін пайдалану кезінде алынған барлық бастапқы және қайталама геологиялық ақпараттың анықтығы мен сақталуы | Өрескел |
| 21 | Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі барлық жұмыстарды құжаттау. Құжаттамада жер қойнауы учаскесін дұрыс зерделеу және кейіннен игеру үшін қажетті жұмыстардың сипаттамасы болуға тиіс | Елеулі |
| 22 | Өндіру бойынша барлық жұмыстарды құжаттау. Құжаттамада жер қойнауы учаскесін дұрыс зерттеу және кейін игеру үшін қажетті жұмыстардың сипаты қамтылуы тиіс | Өрескел |
| 23 | Маркшейдерлік құжаттамалардың болуы | Елеулі |
| 24 | Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуді көздейтін жобалау құжатның болуы | Өрескел |
| 25 | Тау-кен жұмыстарының жоспарын келісімдеудің болуы | Өрескел |
| 26 | Жобалық құжаттарда көзделген жұмыс түрлерін, тәсілдерін және әдістерін қолдана отырып, өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу | Өрескел |
| 27 | Өзгертілген тау-кен жұмыстарының жоспарын құзыретті органға ұсынғанға дейін ол бойынша жұмыстар жүргізуге тыйым салуды сақтау | Өрескел |
| | Кен іздеушілік учаскесіне келетін су объектілерінде және су қоры жерлерінде экскаваторлар мен бульдозерлерді пайдалануға, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 28 | | химиялық реагенттерді және жарылғыш заттарды қолдануға, күрделі құрылысжайларды салуға және тұрғызуға, топырақ пен шығарылған тау-кендік массаны кен іздеушілік учаскесінен тыс жерге әкетуге тыйым салуды сақтау | Өрескел |
| 29 | | Механикаландыру құралдарын пайдалану кезінде кен іздеушілік жоспарының болуы | Елеусіз |

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

## Жер қойнауын геологиялық зерттеуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесі

| **№ р/п** | **Субъективті критерий көрсеткіші** | **Субъективті критерий көрсеткіші бойынша деректер көзі** | **Үлес салмағы, балл** | **Шарт** | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **шарт 1/ мағынасы** | **шарт 2/ мағынасы** |
| 1 | 1-ЖҚГЗ мерзімді геологиялық есептерді ұсынбау (әр жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей); | 11.1-тармақ бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 50 | 0 жағдай | 1 жағдай |
| | | | | 0% | 100% |
| | Профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймау ( бақылау субъектісіне ( объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша | 11.6-тармақ бақылау субъектісіне ( объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері ( бақылау субъектісіне ( объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша | | 0 | 1 бұзушылық |
| | | | | | 100% |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | берілген қорытынды құжаттар ( анықтама, қорытынды, ұсынымдар) | берілген қорытынды құжаттар | 50 | 0% | |

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
3-қосымша

## Қатты пайдалы қазбаларды барлауды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесі

| **№ р/п** | **Субъективті критерий көрсеткіші** | **Субъективті критерий көрсеткіші бойынша деректер көзі** | **Үлес салмағы, балл** | **Шарт** | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шарт 1/мағынасы** | **шарт 2/мағынасы** | | | | |
| 1 | 1-ЖҚГЗ мерзімді геологиялық есептерді ұсынбау (әр жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей); | 11.1-тармақ бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 60 | 0 жағдай | 1 жағдай |
| | | | | 0% | 100% |
